

МЕДЬИКЕ ІСІ НЕГІЗДЕРІ

Орындаған: Сапар Г.



Н. НАЗАРБАЕВ:

«Денсаулық сақтау саласындағы басты басымдылық алғашқы-санитарлық көмекті дамыту, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қызметкердің денсаулық үшін ортақ жауапкершілігі – медициналық қызметтің барлық жүйесінің басты қағидаты».

(«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауынан)

Медбикенің міндеттері мен құқығы



Науқас адамға дер кезінде диагноз қою, оны дұрыс емдеу, жақсы күту – ~~оның өмірін~~ ~~тигізеді.~~ Науқасқа жалпы күтім жас- ау кезінде мейірбикелер мынандай міндеттерді ~~атқарады:~~ Науқас адам ауруханаға түскеннен кейін, қажет болған жағдайда оған көмек көрсетілуі керек және мейірбике санитарлық-гигиеналық шараларын жүргізіп, антропометриялық өлшемдер жасауы тиіс. Сырқаттың «ауру тарихына» орындалған процедураларын, өлшенгенде алынған мәліметтерді түсіреді. Жаңадан келіп түскен науқасты бөлімшенің ережелерімен таныстырады және сол ережелердің орындалуына бақылайды. Бөлменің тазалығын тексеріп, оны ауасын назартыстырады. Науқастардың қызуын өлшеп, қағазға түсіреді, артериялық қысым, қан тамырларының соғысын тексереді және бір тәуліктегі диурез мөлшерін өлшейді. Ауыр науқастардың жеке басының тазалығын қадағалап, олардың төсек-орындары мен іш киімдерінің уақтылы ауысты-

Науқас адамның халі нашарласа немесе басқа бір өзгеріс болса, сол бөлімнің дәрігеріне немесе кезекші дәрігерге хабарлайды. Аға мейірбикеге дер кезінде бөлімшеге қажетті дәрі-дәрмектерге талап қағазын толтырады.

Дәрігердің сырқаттарды аралауына қатысып, олардың жағдайларын хабарлап, әрі қарай қалай оларды күту және емдеу туралы емдеуші дәрігердің нұсқауларын алады. Дәрігердің науқасты емдеу жөніндегі тапсырмасын бұлжытпай, дер кезінде орындап отырады (дәрі-дәрмектерді таратады, ине салады, қыша қағазын қояды, клизма жасайды және т. б.).

Қарым-қатынас түрлері. Медициналық ұжымдағы қатынас.



"Медицина қызметкері –пациент" өзара әрекетінде жатқан қарым-қатынастың жалпы ережелері мен терең психологиялық механизмдерін ажырата білген жөн.

~~Коммуникативтік қарым-қатынас – бұл ақпарат алмасу (мысал, хәл, өзін сезінуі туралы);~~

интербелсенді қарым-қатынас – тек сөзбен ғана емес, сондай-ақ әрекеттермен де алмасу (мысалы, мейірбикенің манипуляцияны орындауындағы немесе пациенттің өтінішін орындағандағы);

перцептивтік қарым-қатынас – адамдардың бір-бірін қабылдауы, сенімге қол жету. Қарым-қатынастың бұл түрі біртіндеп қалыптасады және оңтайланады.

Оған қоса қарым-қатынастың басқа да жіктелуі бар. Төменде келтірілгендер зиянды өзара әрекетке көбірек келгенімен медицинада жиі ұшырасады.

А. "Бетперделердің контакты" – шынайы эмоцияларды жасырумен бірге және азырақ қызығушылықпен бірге болатын сыпайлық, әдептілік (адамды кәсіби алдын ала тексеруде кең тараған).

Б. Қарапайым қарым-қатынас – пациентті шулайтын немесе бөгет болатын адам ретінде бағалау.

В. Формалды-рөлдік қарым-қатынас – пациенттің тұлғасын танып білу оның әлеуметтік рөліне қызығушылықпен алмастырылады.

Г. Искерлік қарым-қатынас - серіктестік стилінің орнына авторитарлық стилін орнату.

Д. Диагностикалық және емдік өзара әрекет жоқ рухани тұлғааралық өзара әрекет.

Е. Пайда көру немесе марапат алу мақсатындағы манипулятивтік қарым-қатынас. Манипулятивтік қарым-қатынаста пациенттегі аурудың ауырлығы жалған түрде артуы мүмкін; әр түрлі тәсілдермен (дәріханамен контакт жасау арқылы) қымбат, сынақтан өтпеген дәрі-дәрмектердің ұсынылуы ықтимал; бағасы қымбат және қажеті жоқ процедуралар. Соңғы кезде өкінішке орай бұл кең тараған.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЭТИКАСЫ

Медициналық этика (лат. *ethica*, грек тілінен алғанда *ethice* – адамгершілікті зерделеу), немесе **медициналық деонтология** (греч. *deon* – парыз; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), – яғни бұл – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы. Қазіргі заманғы түсінік бойынша, медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді:

- ғылыми – медициналық қызметкерлердің жұмысының этикалық және адамгершілік аспектілерін зерттейтін медициналық ғылым тарауы;
- практикалық – кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормалар мен ережелерді қалыптастыру және қолдану міндеті болып табылатын медициналық тәжірибие саласы.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭТИКА ҮШ НЕГІЗГІ БАҒЫТ
БОЙЫНША ТҰЛҒАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ
ӘРТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕЙДІ ЖӘНЕ ШЕШЕДІ:

- *медициналық қызметкер – емделуші,*
- *медициналық қызметкер – емделушінің туысқандары,*
- *медициналық қызметкер – медициналық қызметкер.*

«Медбике-емделуші» арасындағы қарым-қатынастар:



- Медициналық бике емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дөрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.
- Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелеуге тыйым салынады.
- Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын медбике осы емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.

«Медбике – емделушінің
туысқандары
(және жақындары)» арасындағы
қарым-қатынастар:



- *Ұстамдылықты, сабырлылықты, тыныштықты және әдептілікті сақтауы қажет;*
- *Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс;*
- *Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде аңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс;*
- *Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, күрделі науқаста дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.*

«Медбике-дәрігер» арасындағы қарым-қатынастар:

- Сұхбаттасу кезінде дәрекі сөйлесуге тыйым салынады;
- Дәрігерлік тағайындаулар уақытында нақты, нақты және кәсіби орындалуы тиіс;
- Науқастың денсаулық жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерге жедел хабар берілуі тиіс;
- Тағайындалған дәрігерлік емді қолдану барысында күмән туындаған жағдайда , науқас жоқ уақытта, сыпайы түрде, осы жөнінде дәрігермен мән-жайды талқылауы қажет.

«Медбике-медбике» арасындағы қарым-қатынастар:

- Өз ұжымдастарымен жұмыс істеу барысында дәрекілікке, тұрпайылыққа жол берілмеуі тиіс;
- Қандай да бір ескертулер, науқас болмаған уақытта, әдепті түрде айтылуы тиіс;
- Тәжірибиелері мол медбикелер жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетулері қажет;
- Қиын жағдайларда бірі біріне көмектесулері тиіс.

«Медбике-кіші медицина қызметкері» арасындағы қарым-қатынастар:

- өзара сыйластықты сақтаулары тиіс;
- кіші медицина қызметкерінің жұмысын сыпайы түрде бақылауы қажет;
- Әдепсіздікке, дөрекілікке, тәкаппарлыққа жол беруге болмайды;
- Науқастар мен келушілердің көзінше ескертулер жасауға болмайды.



Медбике Флоренс Найтингейл

Жыл сайын мамыр айының 12 жұлдызында Халықаралық медбикелер күні (International Nurses Day) атап өтіледі. Бұл күні ақ халатты абзал жанды медбикелерге құрмет көрсетіліп, олардың еселі еңбектеріне алғыс білдіріп жатады.

Медбикелердің кәсіби мерекесі дәл осы күні тектен текке атап өтілмейді. Бұл күні Англия елінің азаматшысы, *медбике Флоренс Найтингейл (Florence Nightingale)* дүниеге келген. Ол Қырым соғысында (1853—1856) өзі сияқты медбикелердің басын қосып, дүние жүзі бойынша *тұңғыш қайырымдылық қызметін* ашты. Қайырымдылық қызмет аясында олар соғыс кезінде жараланған азаматтарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіп, ем-дом шараларын өткізген. Медбикелер тәулік бойы Түркия мен Қырым ауруханаларында оққа ұшқан жауынгерлерді емдеп, өлімнен арашалап, аяқтарына тұрғызған. Игі көмектері үшін оларға әр кез құрмет көрсетіліп, орасан зор алғыс білдірілетін. *Флоренс Найтингейл ашқан қайырымдылық қызмет арқасында жауынгерлер өлімінің көрсеткіші 42%-дан 2%-ға дейін төмендетілді.* Майданнан кейін өз еліне қайтқан Флоренс Найтингейл әскери медицина қызметін құрып, бар жергілікті медициналық мекемелерде ауа желдеткіштері мен су құбырларының орнатылуын талап еткен. 1860 жылы ол алғашқы медбикелердің қайырымдылық мектебін ашты.





Халықаралық медбикелер күніне жүз елу жылдан астам уақыт толса да, оны атап өту шарасы алғаш рет 1953 жылы басталған-ды. Бірақ, 1965 жылдың қаңтар айында ғана бұл күн ресми түрде тіркеліп, дүниежүзілік мәртебеге ие болды. Бұл күні әлемнің 141 мемлекетінің медбикелері бас қосып, **Халықаралық медбикелер кеңесінің** (International Council of Nurses) негізін қалаған болатын. Медбикелер кеңесі 1974 жылы Халықаралық медбикелер күнін 12 мамырда, яғни қайырымдылық қызметтің қазығын қаққан Флоренс Найтингейл туған күнінде атап өту керек деген шешімге келді. Содан бері әр жылдың 12 мамырында дүниежүзі бойынша Халықаралық медбикелер күні атап өтіледі.



*С Днем
медицинской
сестры!*

